

## Бюджеттің атқарылуының кейбір мәселелері туралы

### **Күшін жойған**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 486 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 шілдеде № 5559 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 346 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 27.08.2021 № 346 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 94-бабының 3-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 06.09.2018 № 1220 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Облыстық бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансфертерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 06.09.2018 № 1220 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

К. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 486 қаулысына  
қосымша

Облыстық бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансфертерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесі

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 06.09.2018 № 1220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн откен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы әкімдігінің 13.12.2019 № 119 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

Уәкілетті органдар	№	Облыстық бюджетке түсетін түсімдердің атауы*
	1	Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері
	2	Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер
	3	Коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер
	4	Облыстың коммуналдық меншігіндегі мұлікті жалға беруден түсетін кірістер
	5	Облыстың коммуналдық меншігіндегі тұргын үй қорынан үйлерді жалға беруден түсетін кірістер
	6	Депозиттерге уақытша бос бюджеттік ақшаны орналастырудан алынған сыйақылар
	7	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар
	8	Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар
	9	Коммуналдық меншігіне жататын жер участекері бойынша сервитут үшін төлемекі
	10	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
	11	Жергілікті бюджеттен каржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мұлікті сатудан түсетін түсімдер
	12	Бюджеттік алып қоюлар
	13	Нысаналы пайдаланылмаған (тольғы пайдаланылмаған) трансфертерді қайтару
	14	Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансфертерді қайтару
	15	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден облыстық бюджеттің ысырабын өтеуге арналған трансфертер түсімдері
	16	Бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жалпы сипаттағы трансфертерды қайтару
	17	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тольғы пайдалануға рұқсат етілген, откен каржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансфертерінің сомасын қайтару
	18	Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша тольғы пайдалануға рұқсат етілген, откен каржы жылында бөлінген,

		пайдаланылмаган (түгел пайдаланылмаган) нысаналы даму трансфертерінің сомасын қайтару
19	"Қызылорда облысының қаржы басқармасы" ММ	Қазақстан Республикасының Ұлттық корынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаган (түгел пайдаланылмаган) нысаналы трансфертердің сомасын қайтару
20		Ағымдағы нысаналы трансфертер
21		Нысаналы даму трансфертері
22		Субвенциялар
23		Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, жалпы республикалық не халықаралық маңызы бар іс-шаралар өткізілген жағдайларда берілетін трансфертер
24		Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті аткаруышы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу
25		Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу
26		Облыстық бюджеттен берілген пайдаланылмаган бюджеттік кредиттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден қайтару
27		Облыстық бюджеттен берілген, нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаган кредиттерді ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқару органдарының қайтаруы
28		Коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалардың катысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатудан түсетін түсімдер
29		Мұліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік қасіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік қасіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жіргізуіндегі өзге мемлекеттік мұліктік сатудан түсетін түсімдер
30		Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті аткаруышы органдарының мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылышын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін шыгаратын мемлекеттік бағалы қағаздары шыгарылымынан түсетін түсімдер
31		Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті аткаруышы органы алатын қарыздар
32		Иесіз мұлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мұлікті, қадағалаусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мұлікті сатудан алынатын түсімдер
33		Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үй-жайларды жекешелендіруден түсетін түсімдер
34		Қазақстан Республикасының Ұлттық корынан берілетін нысаналы трансферт есебінен облыстық бюджеттен бөлінген мақсатқа сай пайдаланылмаган нысаналы трансфертерді қайтару

	35	Қазақстан Республикасы Ұлттық корынан нысаналы трансферт есебінен облыстық бюджеттен берілген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінен қайтару
	36	Занды тұлғаларға жергілікті бюджеттен 2005 жылға дейін берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйакылар
	37	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйакылар
	38	Қаржы агентіктеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен жергілікті бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйакылар
Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар	39	Мамандандырылған ұйымдарды қоспағанда, жергілікті бюджеттен занды тұлғаларға берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйакылар
	40	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер
	41	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алушы өткізуден түсетін ақшаның түсімі
	42	Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алушар
	43	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар
	44	Мамандандырылған ұйымдарға, жеке тұлғаларға бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша жергілікті бюджеттен берілген айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алушар
	45	Жергілікті атқарушы органдар тартатын гранттар
	46	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің дебиторлық, депоненттік берешегінің түсімі
	47	Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы
	48	Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер
	49	Занды тұлғаларға жергілікті бюджеттен 2005 жылға дейін берілген бюджеттік кредиттерді өтеу
	50	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу
	51	Мамандандырылған ұйымдарды қоспағанда, жергілікті бюджеттен занды тұлғаларға берілген бюджеттік кредиттерді өтеу
	52	Жергілікті бюджеттен берілген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару
	53	Жергілікті бюджеттен берілген нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған кредиттерді жеке және занды тұлғалардың қайтаруы
"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті" ММ	54	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алушар
	55	Түзету жұмыстарына сотталғандардың енбекақысынан ұсталатын түсімдер

"Кызылорда облысының ветеринария басқармасы" ММ	56	Жануарларды сыйкестендіру үшін ветеринариялық паспорттың, жапсырмалардың (чиптердің) құнын қайтару
"Кызылорда облысының индустрналдық-инновациялық даму басқармасы" ММ	57	Өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары
"Кызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" ММ	58	Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым

Ескеरту: \*облыстық бюджетке түсетін түсімдердің атауы "Қазақстан Республикасының Бірынғай бюджеттік сыныптамасының кейір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бүйріғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9756 нөмірімен тіркелген) сәйкес жазылды. Облыстық бюджетке түсетін түсімдер "Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты мен Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесі" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бүйріғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9760 нөмірімен тіркелген) сәйкес ескеріледі;

ММ - мемлекеттік мекемесі.